

Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулық

1. Жалпы қағидалары

1.1. Меншік түрі мен мекемелік қатыстығына қарамастан, барлық мектепке дейінгі мекемелер «Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі» нұсқауды орындауға міндетті.

1.2. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің жұмысы Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкестендіре ұйымдастырылуы керек.

1.3. Мектепке дейінгі мекемеде барлық қызметкерлер бара алатын орында төтенше жағдайлар бөлімдері, балалардың территориялық емханасы, жедел дәрігерлік көмек және өртке қарсы қызмет бөлімдерін шақыру тәртібі жөніндегі және балалар мекемесінің меңгерушісі мен дәрігерінің мәліметтері болуы керек.

1.4. Мектепке дейінгі мекеменің әкімшілігі мен тәрбиешісі топтағы әр баланың өмірі мен денсаулығын қорғауға жеке жауап береді, жарақаттанудан сақтандыруға ерекше назар аудара отырып, балалардың барлық режимдік сәттеріндегі мінез-құлықтарын бақылауды іске асырады; балалар мекеменің ішінде (асахана, дәрігерлік бөлме және т.б.) территорияның сыртында жүрген кезінде оқытудың техникалық құралдарын (компьютер және т.б.) пайдаланғанда балалар өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Балалардың балабақшаның шекарасынан кетуіне жол бермейді. Баланың өз бетімен балабақшадан кетіп қалған жағдайында тәрбиеші дереу оны іздеуді ұйымдастырады, мекеменің әкімшілігіне хабарлайды, әкімшілік ол өз ретінде ата-аналармен жақын жердегі полиция бөлімшесіне хабарлайды, алдын-ала ата-аналармен, олардың орнына балаларын алатын сенімді адамдары жөнінде келіседі. Балаларды балабақшадан жалғыз жіберуге, бейтаныс адамдарға, кіші мектеп жасындағы балаларға ілестіріп жіберуге тиым салынады.

1.5. Балабақшаның әрбір қызметкері өрт және сейсмикалық қауіпсіздік ережелерін білуге және орындауға тиіс, қарапайым өрт сөндіруші құралдарын қолдана білуі, балаларды құтқару мен өрт болған жағдайы оны сөндіруге қажетті шараларды іске асыруға міндетті. Өрт кезінде жағдайларға (жазғы саяжайға кету, басқа жерге көшу т.б.) байланыссыз балалар мен мүлікті көшіру жолдарына сәйкес қауіпсіз жерге орналастыруға міндетті екеніне білуі керек.

1.6. Түнгі кезекшілікке кірісе отырып, күтушәлер (медбикелер) жақын жердегі өрт сөндірушілер бөліміне түнге қалған балалар санын хабарлауға, жарық құралдарының бар екенін және жұмыс істейтіндігін, соның ішінде электра қол шамдарының да, эвакуация жолдарының жағдайын тексеруге және сыртқы есіктердің кілттерін қабылдап алуға міндетті. Балалар саны жөніндегі мәлімет жеке фамилия бойынша тәрбиешіден қол хат арқылы қабылданады.

1.7. Балабақшаның қызметкерлері (әсіресе түнгі кезекшілері) бала кенеттен ауырып қалғанда оған алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге дайын болуы керек. Жедел медициналық жәрдем көрсету машинасын шақырғанда (әсіресе түнгі кезде) балалар мекемесінің қызметкерлері осы машиналарды балабақшасының кіре берісінде қарсылап алуға міндетті.

2. Мектепке дейінгі балалар мекемесінің үйі және бөлмелері

2.1. Мектепке дейінгі балалар мекемесінің үйі және бөлмелері өрт қауіпсіздік ережелері талаптарына, құрылыстық нормалар мен ережелерге сәйкес, уақытында жөнделіп, техникалық байқаудан өтіп отыру керек.

2.2. Су, құбыр, жарық және жылу жүйелері т.б. жұмысқа дайын болу керек.

2.3. Балалардың жарақаттарына қарсы барлық тұрақты құрал-жабдықтар, фортепиано, теледидар, портреттер, суреттер, шкафтар т.б. еденге, қабырғаға мықты орнатылуы керек. Баланың бойы жететін жерлерге шеге немесе ілгіштерде қағуға болмайды. Балалар бөлмелерін әсемдеуде өткір заттарды, кнопка, ине, скрепкаларды пайдалануға болмайды. Бөлме ішіндегі өсімдіктердің астында тұратын құралдар мықты болуы керек. Ыдыста отырғызылған гүлдер баспалдақ бойына, киім ілетін шкафтарға, дәретханаға қоюға болмайды.

2.4. Екі және үш қабатты үйлерде орналасқан балабақшалардың балкондары мен баспалдақтарының қоршауларының биіктігі 1,2м кем болмауы тиіс, тікелей дінгектері тура болуы қажет, арасы 0,1м аспау керек. Қоршауды көлденең жасауға болмайды. Баспалдақты қабырғасының қол ұстамасының биіктігі балалар үшін 0,5м болу керек. Аяқ астынан қол ұстамасына дейін тікелей санағанда – ересектердің қол ұстамасының биіктігі 0,85м болу керек. Үш одан да көп баспалдақты кіреберістің қоршауының биіктігі 0,8м болу керек.

2.5. Балабақша мекемелерінің сыртқы есіктерінде қоңырау болуы, бала жетпейтін биіктікте жеңіл ашылатын құлып болуы, ол әр уақыт жабық тұруы керек. Балаларды күнделікті қабылдаған соң әлде серуен кезінде балалар балабақшаның ішінде болған кезінде эвакуацияға шығатын есіктер тек ішінен ғана жеңіл ашылатын құлыпқа жабулы болу керек, жолда ештеңе үйіліп жатпау керек.

2.6. Әйнектелген ішкі-есіктердің екі жағынан бала бойындай (қоршауы рейкаланған экран) болуы қажет.

2.7. Барлық ашылатын терезелер торланған және ішке ашылатын, ілгіштермен бекітілген болу керек.

2.8. Тәуіліктік топтар мен кішкентайлар топтарын бірінші қабатта орналастыру керек: егер балалар мекемесінің баспалдақтары, эвакуациялау жолдары төтенше жағдайлардағы эвакуация туралы нормативтік ережелерге сәйкес болса жоғарыда аталған топтарды екінші қабатта да орналастыруға рұқсат етіледі.

2.9. Электр сымдары жабық, электр құралдары балалардың бойыларынан жоғары болуы керек. Резеткаларды еденнен 1,8м төмен және керуеттердің қасына орнатуға болмайды, резеткелердің қорғау заттары болуы керек.

2.10. Шаруашылықта пайдаланатын құралдарды, дезинфекциялау және кір жуатын құралдарды, дәрі дәрмектерді, вакциналарды, инелерді, түйреуіштерді т.б. өткір заттарды балалардың бойы жетпейтін орындарда ұстау керек. Қайшылардың ұшы және асхана пышақтары өткір болмауы тиіс. Осы жоғарыдағы заттармен және басқа да еңбек құралдарымен балалардың тек қана тәрбиешінің бақылауымен пайдалануларына болады.

2.11. Балалар пайдаланған заттарға: ойыншықтарға, пластилиндерге, қаламдарға, қарындаштарға, бояуларға, фламастерлерге сапа сертификаты немесе СЭС-тің гигиеналық қорытындысы болуы керек.

2.12. Балалар мекемесінің барлық бөлмелерінің температурлық режимін, ауаның ылғалдығын, табиғи және жасанды жарық жүйелерін әрдайым бақылап тұру керек.

2.13. Балабақша үйін, барлық бөлмелерін және құрал-жабдықтарын техникалық тексеруден өткізу үшін балабақша меңгерушісінің, мамандардың қатысуымен арнаулы комиссия құрылады.

3. Мектепке дейінгі балалар мекемесінің территориясы

3.1. Мектепке дейінгі балалар мекемесінің территориясының жергілікті жағдайларға байланысты биіктігі 2м төмен емес, сыртқы электр жарығы бар қоршауы болуы керек. Қоршаудың есігі әрдайым балалардың бойлары жетпейтін құлыпқа жабылуы керек.

3.2. Жер учаскесінде балаларға қауіпті заттар болмауы керек (сынған әйнек, сым, шығып тұрған шегелер) улы өсімдіктер, инелері бар бұталар). Гүл егілетін үйме топырақтарын, бала бақшаларды кірпіштен қоршауға рұқсат етілмейді.

3.3. Дене шынықтыру құрал-жабдықтарының барлық түрлері, ойын орындары тұрақты, қауіпсіз болуы керек, сонымен қатар көлемі бекітілген нормалары мен талаптарына сәйкес болуы керек.

3.4. Мекеме үйлерінің төбелері және бала бақшасының учаскесіндегі барлық ғимараттардың шатырлары уақытында қардан және мұз сүңгілерінен тазалануы керек. Жолдары, сыртқы баспалдақтары, кішігірім учаскелері уақытында қар мен мұздан тазаланып, оларға құм себілуі керек. Балалардың мұзды таудан сырғанауы тек қана тәрбиешінің бақылауы және рұқсаты арқылы болады.

3.5. Шаруашылық алаңы басқа ойын алаңдарынан бөлек және үнемі жабық болып тұратын жеке жолы болуы керек. Отын мен көмірді жеке сарайда сақтау қажет. Қорада уақытша сақталатын отынға балалардың жақындауына қатаң тиым салынады. Көлік өтетін жолдарына және қора территориясына өртенетін т.б. жанғыш материалдарды үйіп тастауға тиым салынады. Шаруашылық ғимараттарында өрт сөндіру құралдары болуы керек.

3.6. Азық-түлік тағамдарын таситын көлік балабақшасының шаруашылық алаңына кіргенде, ас бөлмесінің екі қызметкері машинаға ере жүреді: біреуі машинаның алдынан, екіншісі артынан жүру қажет.

3.7. Ересектердің дәретханалары әрдайым құлыпқа жабық тұру керек.

4. Балалармен серуен жасау жағдайларын ұйымдастыру

4.1. Балалармен серуен жасайтын орынды алдын-ала тәрбиеші немесе мекеменің меңгерушісі тексеру керек.

4.2. Серуенді ұйымдастыру алдында тәрбиеші әр баланың серуенге сай келетін киімі бар екендігіне тексеру жүргізеді. Серуенге немесе экскурсияға шығудың алдында тәрбиеші өзімен алып баратын балаларының дәл санын білуі тиісті. Бір себеппен бөлмеде қалған балалар туралы мекеме меңгерушісіне хабарлауға тиісті. Қалған балалар бір қызметкердің қарауында болуы қатаң талап етіледі.

4.3. Серуен алыс жерде болған кезде топ басында екі адамнан кем емес ересек адам болуы керек. Бір ересек адам саптың алдында, екіншісі топтың артында журуі тиіс.

4.4. Көшеде өткен кезде жол жүру ережелерін сақтау және орындау керек. Қозғалысы үлкен көшелерде, трамвай және темір жолдарына жақын жерлерде серуендеуге болмайды.

4.5. Су қоймасына экскурсия жасау үшін, ол жерді алдымен тәрбиеші барып көріп, ыңғайлы жағаны таңдауы керек, қыдыратын топтың саны көп болмауы керек (бір ересек адамға 12-15 бала).

4.6. Балалардың тек қана арнайы бөлінген орында (бассейн және т.б.) және 8 баладан көп емес шағын топпен шомылуға рұқсат етіледі. Балалармен бірге суда бір ересек адам міндетті түрде болуы керек.

4.7. Серуен кезінде балаларға мұқият қарауы керек, олар өсімдіктерді, саңырауқұлақтарды, бөтен заттарды ауыздарына салмауы талап етіледі.

4.8. Жаз айларында қызып кетпеу үшін балалар жеңіл бас киім кию керек. Күн және ауа табиғи ванналары тек дәрігердің, медбикенің белгілеуі және бақылауы бойынша ұйымдастырылады.

5. Асханада, ыдыс-аяққа, тамақтануды ұйымдастыруға қойылатын санитарлық қауіпсіздік талаптар

5.1. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің ас бөлмелері және оларды ұстау талаптары өрт қауіпсіздік ережелеріне және «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкес болу керек.

Ас дайындау құрамында келесі бөлмелер: тамақ пісіретін цехы, ет және балық өңдеу столдары бар бөлме, көкөніс өңдеу бөлмесі, ыдыс-аяқ жуатын бөлме, мұздатқыш камерасы, қойма, көкөніс сақтайтын қоймасы болу қажет.

5.2. Ас пісіру бөлмесі мен қосымша бөлмелері жарық және жеңіл желденетін бөлмелерде орналасу керек. Ас пісіру блогын жертөледегі бөлмелерде орналастыруға болмайды, себебі онда бөлменің іші және азық түлік тез бүлінеді. Бөлмелер гигиеналық талапқа сай және жинауға ыңғайлы болу: ас бөлмесінің едендері – тегіс, тайғақ емес, мықты ашық түсті материалдан жасалуы; қабырғалардың биіктігі 1,7-2м оңай жуылатын материалмен қапталуы керек; жарқын глазуранған плиткалармен немесе ашық түсті бояуымен боялған болуы керек. Ас пісіру блогының бөлмелерінде жақсы желдеткіш жүйесі, табиғи түрлері (терезенің желдеткіші), дайын түрлері (желдеткіш қораптары) болу керек. Ас пісіру бөлмесі жүйелі түрде жуылып тұру керек. Ас пісіру бөлмесінің плитасын және едендерін жұмыс аяқталғаннан соң сабынмен, содамен, және тағы басқа кір жуу құралдарымен жуу керек. Столдарды, шкафтарды, табуреткаларды ұқыпты жуу және барлық құрал-жабдықтарын 0,2% хлорамин ертіндісімен мезгіл-мезгіл дезинфекциялау қажет.

5.3. Тамақ дайындау үшін құрыш, дюраллюминий, алюминийден жасалған ыдыстар қолданылады. Эмальданған ыдыста тек қана дайындалған тамақты сақтауға болады. Бүлінген эмаль ыдысын тамақ сақтауға пайдалануға болмайды. Мырыштан жасалған ыдыста балалар тағамын дайындауға және сақтауға болмайды.

5.4. Әр түрлі шикі және піскен тағамды өңдеу үшін бір ғана өңдеу тақтайын пайдалануға болмайды.

Әр өңдеу тақтайының бір жанында немесе тұтқасында арнайы белгісі болуы керек – шикі етті өңдеу тақтайында: «ШЕ» – шикі ет, шикі балық – «ШБ», шикі көкөніс – «ШК», піскен ет – «ПЕ», піскен балық – «ПБ», піскен көкөніс – «ПК».

Осындай белгілер гастронмиялық пышақтардың саптарында да болуы керек. Азық-түлік тағамдарды өңдеу тақтайлары тегіс, қатты ағаштардан жасалады. Ет шабатын қалып темір шеңбермен мықтап оралуы керек, жұмыстан кейін осы қалыпты дұрыстап тазалап және тұз себелеп қою керек.

5.5. Дайын тамақты балалар стол басына отырмастан бұрын қою керек.

5.6. Пластмасса ыдыстарды және алюминийден жасалған, қыры бүлінген құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

5.7. Балалар бөлмелеріне қайнап тұрған ыстық суды алып келуге болмайды. Тамақты ас бөлмесінен коридор мен баспалдақтарда балалар жоқ уақытында ғана тасу (әкелу) керек. Қызметкерлерге ас бөлмесіне кезекшілерді ілестіріп баруға болмайды.

5.8. Ас бөлмесінде дезинфекция жасайтын түрлі заттарды сақтауға рұқсат жоқ.

6. Азық-түлік өнімдерінен уланудың алдын-алу шаралары

6.1. Мектепке дейінгі мекемелеріне түскен барлық азық-түлік тағамдары тағамдық нормалары мен қуаттардың көлемі нормативтік талаптарға сай болу керек. Тез бұзылатын тағамдар түскен кезде олардың шыққан жері және

нормативтік техникалық құжаттарға сәйкестілігі анықталған сапасы жөніндегі куәліктерін талап етуі керек, сақтау температурасы мен пайдалану мерзімі (күні,сағаты) көрсетілген кәсіпорыннан осы өнімнің дайындалған күні мен сағаты айқындалған (технологиялық процесі біткен уақытынан бастап) тапсыру (накладной) қағазын талап ету керек.

6.2. Азық – түлік тағамдары тек қана осы мақсатқа пайдаланылатын арнайы шығарылған көліктен тасылу керек. Тағамдар тасу ыдысының маркировкасы болуы қажет.

6.3. Ас бөлмесінің жұмысшылары тамақты дайындаудың және технологиясының ережесін және шикізаттармен жұмыс істеудегі санитарлық талаптарды қатаң сақтаулары керек.

6.4. Балабақшасының меңгерушісі, немесе дәрігері, аға медбикесі ас бөлмесіне берілетін күнделікті азық-түлік тағамдарының сапалығын, дұрыс сақталуын және олардың пайдалану мерзімін үнемі қадағалауы керек. Дайын тамақ балаларға тек қана дәмінің, сапасы тексеріліп, медицина қызметкерінің дайын тағамның сапасы және оны балаларға беруге рұқсат жөнінде дайын тағамдарының арнайы бракераждық журналына жазылғанынан кейін беріледі.

7. Ас бөлмесі қызметкерлерінің жеке гигиенасы

7.1. Ас бөлмесінің қызметкерлері жеке гигиенасын қатаң сақтауға және арнайы тәртіп бойынша медициналық тексеруден өтуге тиіс.

7.2. Балабақшасының әкімшілігі міндетті профилактикалық медициналық тексеруден барлық ас бөлмесінің жұмысшыларының қызметкерлерінің өтуін және олардың отбасы мүшелерінің денсаулықтары жағдайлары жөнінде керекті мәлімет алып, жоғарыдағыларды медициналық рұқсатсыз жұмысқа жібермеу талаптарын қатаң қадалауға тиісті.

7.3. Аурулар, әсіресе ішек, туберкулез, тері аурулары бар қызметкерлер балалармен, соның ішінде балабақшасының ас бөлмесінде жұмыс істеуге жіберілмейді.

7.4. Ас бөлмесінің жұмысшылары жұмыстың алдында міндетті түрде қолдарын шынтактарына дейін сабын, щетка және хлорамин ертіндісімен жақсылап жуу керек, жұмыс кезінде қолдарына әшекей бұйымдары (сақина, білезік және т.б.) тағуға болмайды.

Тырнақтары алынған болуы керек. Жұмыс арасындағы әр үзілістен соң және түрлі жұмыстардан (етті, балықты өңдеу, жеміс- жидектер мен көкөністерді, аршу, бөлмені жинау, қоқыс шығару және т.б.) кейін қолды дұрыстап жуу керек.

7.5. Медбике күн сайын міндетті түрде ас бөлмесі жұмысшыларында жұқпалы тері – жаралары жоқтығын тексеріп, «Тері аурулары жөніндегі бақылау журналына» өзінің медициналық тексеруінің қорытындысын жазып отыру керек.

7.6. Арнайы жұмыс киімдері (халаттар, кеудешелер, қалпақ, орамалдар, т.б.) болмаған жағдайда жұмысшының ас бөлмесіне кіруге құқы жоқ. Сонымен қатар, оның жұмыс киімдері жеңіл жуылатын материалдан тігілген болу керек.

8. Нұсқаудың орындалуына бақылау мен жауапкершілік

8.1. Білім мекемелері балалардың тәрбиеленуінің қауіпсіз және қолайлы жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған мектепке дейінгі балалар мекемелерінің әрекеттерін бақылайды және реттейді, сонымен қатар, осы Нұсқаудың тиісті дәрежеде орындалуына мерзімді бақылау жүргізеді.

8.2. Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет пен оның органдары, түрлі стихиялық апатқа ұшыраған жағдайда, техногендік авариялар болатын апаттарда балалардың өмірін қорғауға байланысты әр жердегі балабақшаларының дайындығын тексеруді ұйымдастырып отырады.

8.3. Осы Нұсқаудың орындау жауапкершілігі мектепке дейінгі ұйымдар мекемелерінің меңгерушілеріне жүктеледі.

8.4. Мектепке дейінгі ұйымдар мекемелеріндегі дене шынықтыру, тамақтану, санитарлық-эпидемиялық және тәрбие мен оқыту режимдерінің сақталуына, күнделікті бақылау өткізуге медицина қызметкерлері жауапты.

8.5. Балабақшалардағы тәрбие мен оқыту және сауықтыру шараларын қауіпсіз өткізуге, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға педагог қызметкерлері жауап береді.

Осы Нұсқаудың орындалуы міндетті және барлық мектепке дейінгі мекемелердің әр қызметкері қол қою арқылы таныстырылады.